ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 18 тамыз № 4360-23-00-2/1697 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«INK RAY» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрлыбек Айтбайұлы Мамыш

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «INK RAY» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрлыбек Айтбайұлы Мамышқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және шарт бойынша тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «INK RAY» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрлыбек Айтбайұлы Мамышқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «INK RAY» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Нұрлыбек Айтбайұлы Мамыштан мемлекет кірісіне 1 624 (бір мың алты жүз жиырма төрт) теңге тұрақсыздық айыбы және 1 774 (бір мың жеті жүз жиырма төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 25.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 03.10.2023, судья Әбілқайысқызы А., 03.10.2023

4360-23-3-1/1821